

Республикалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер есебінен Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде 2012 - 2015 оқу жылдарына техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 107-1278 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2012 жылғы 21 қыркүйекте нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 743 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 21 тамыздағы № 107-1683 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 21.08.2017 № 107-1683 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы" 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығына, "Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 316 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер есебінен Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде 2012 - 2015 оқу жылдарына техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – Мемлекеттік білім беру тапсырысы) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі - "Астана қаласының Білім басқармасы" Мемлекеттік мекемесі 360 038 011 "Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау" деген бюджеттік бағдарлама бойынша Мемлекеттік білім беру тапсырысын уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Жоғарыда көрсетілген қосымшаға сәйкес бір маманды оқыту үшін оқу жылына шығыстардың орташа құны бекітілсін.

5.	1305000	Ақпараттық жүйелер	25	-	-	-	25	1 жыл 10 ай	288050	"Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі
6.		Жиыны:	25	-	-	-	25			
"Асу" гуманитарлық-техникалық колледжі мекемесі										
7.	1410000	Автомобиль жолдары мен аэродромдар салу және пайдалану	25	5	-	-	-	3 жыл 6 ай	288050	"Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі
				-	-	20	-	2 жыл 6 ай		
8.		Жиыны:	25	5	-	20	-			
"Еуразия гуманитарлық институтының колледжі" мекемесі										
9.	0101000	Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру	25	-	-	25	-	2 жыл 10 ай	288050	"Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі
10.		Жиыны:	25	-	-	25	-			
"Астана қаласының Менеджмент және бизнес колледжі" жауапкершілік шектеулі серіктестігі										
11.	0512000	Аудармашы ісі	25	-	-	-	25	1 жыл 10 ай	288050	"Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі
12.		Жиыны:	25	-	-	-	25			
13.		Барлығы:	150	5	-	45	100			